

«Астана-Энергия» АҚ
Басқарма отырысының
шешімімен бекітілген

2023 жылғы 8 маусымдағы
№ «23-29» хаттама

«АСТАНА-ЭНЕРГИЯ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ

Астана қ.

МАЗМҰНЫ:

Кіріспе

1-тарау Іскерлік әдептің құндылықтары, қағидаттары мен нормалары

2-тарау Іскерлік қарым-қатынастың әдеп нормалары

2.1. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер

2.2. Жалғыз акционер

2.3. Мемлекеттік органдар

2.4. Мекемелер

2.5. Іскерлік серіктестер

2.6. Қоғам

3-тарау Жауапкершілік

4-тарау Қорытынды

Кодекс миссиясы

Іскерлік әдеп кодексі «Астана-Энергия» АҚ (бұдан әрі-Қоғам) дамыту және әдеп нормалары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын сақтау негізінде мүдделі тұлғалармен тиімді өзара әрекеттестік үшін басқарушылық құрал болып табылады.

Сенімді беделге ие болу бойынша Кодекстің маңызды бөлігі – сенім атмосферасын құру және бірыңғай стратегияны жүзеге асыру.

Осы мақсатта Қоғам «Астана-Энергия» АҚ-да жұмыс істеуге және табысқа жетуді қалайтын; «Астана-Энергия» АҚ корпоративтік ережелері мен рухының негізгі қағидаттары жақын әрі түсінікті және корпоративтік құндылықтарға, дәстүрлерге, қалыптасқан өзара қарым-қатынас стиліне сәйкес келетін жоғары кәсіби мен жауапты қызметкерлерді бекіту және тарту саясатын жүргізеді. «Астана-Энергия» АҚ-ның имиджін және жоғары іскерлік беделін қолдауға, оның ішінде қарым-қатынастың міндетті іскерлік стилі мен қызметкерлердің сыртқы келбеті ықпал етеді.

Іскерлік әдеп кодексі-бұл Қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен әдет-ғұрыптар, корпоративтік қатынастардың барлық қатысушылары үшін ортақ, оларды орындау «Астана-Энергия»АҚ-ның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру мен жұмыс істеу үшін барабар орта құруға ықпал етеді.

Қоғамның іскерлік әдеп кодексі корпоративтік басқару үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді және мүдделі тұлғалармен табысты өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

Кіріспе

1. Осы іскерлік әдеп кодексі (бұдан әрі-Кодекс) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес әзірленді және іскерлік әдептің негізгі құндылықтары мен қағидаттарын, іскерлік қарым-қатынастың әдеп нормаларын белгілейді.

2. Осы кодекстің мақсаты Қоғам Жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында айқындалған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қажетті кәсіби және іскерлік әдепті басқарудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Кодексте мынадай ұғымдар мен терминдер қолданылады:

3.1. **Іскерлік әдеп** – бұл «Астана-Энергия» АҚ корпоративтік қатынастарының барлық қатысушылары өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынастың әдеп қағидалары мен нормаларының жиынтығы;

3.2. **Лауазымды тұлғалар** – Директорлар кеңесінің мүшелері, «Астана-Энергия» АҚ Басқармасының мүшелері;

3.3. **Жалғыз акционер** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ

3.4. **Мүдделі тұлға** – заңнамада және Жарғыда көзделген құқықтарды іске асыру «Астана-Энергия» АҚ қызметімен байланысты тұлға.

3.5. **Кодекс** – Іскерлік әдеп кодексі;

3.6. **Мүдделер қайшылығы** – «Астана-Энергия» АҚ корпоративтік қатынастар қатысушысының жеке мүдделілігі лауазымдық міндеттерін әділ орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

3.7. **Корпоративтік мәдениет** – «Астана-Энергия» АҚ үшін ерекше құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық нормалары мен қарым-қатынастар;

3.8. **Корпоративтік хатшы** – «Астана-Энергия» АҚ корпоративтік хатшысы;

3.9. **Жұмыскер** – «Астана-Энергия» АҚ-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға;

3.10. **Жарғы** – «Астана-Энергия» АҚ Жарғысы;

3.11. **Корпоративтік қатынастарға қатысушы** – «Астана-Энергия» АҚ лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері, мүдделі тұлғалар.

4. Қоғам осы Кодекстің ережелерін лауазымды адамдармен қарым-қатынаста, лауазымды адамдар мен қызметкерлер кездесетін стратегиялық маңызды және күнделікті жағдайларда іскерлік шешімдер қабылдау үшін қабылдайды және ұстанады.

5. Осы Кодексте жазылған ережелерді Қоғамның барлық жұмыскерлері сақтауға тиіс.

1-тарау. Іскерлік әдептің құндылықтары мен қағидаттары

1. Қоғамның қызметін қалыптастыратын, негізін қалайтын корпоративтік құндылықтар: жұмыскерлерінің парасаттылығы, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың еңбегінің тиімділігі, өзара көмек көрсету, бір-біріне, мүдделі тұлғаларға және тұтастай Қоғамға деген құрмет болып табылады.

Жұмыстың ұзақ уақыт бойы оң нәтиже беруін қамтамасыз ету - әрбір жұмыскер жоғары стандарттар мен жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес мінез-құлықты сақтаған жағдайда мүмкін болады.

2. Қоғам іскерлік әдептің келесі қағидаттарын:

- адалдықты;
- өзара сыйластықты;
- сенімділікті;
- әділдікті;
- адалдықты;
- ашықтықты;
- жауапкершілікті басшылыққа алады.

Қоғам корпоративтік қатынастарға барлық қатысушылар іскерлік әдеп қағидаларын сақтайды деп есептейді.

3. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, жалғыз акционер мен мемлекеттік органдар актілерінің, «Астана-Энергия» АҚ қызметіне қатысты өзге де құжаттардың нормаларын сақтайды;
- 2) адам құқықтарын сақтау мен құрметтеуді қамтамасыз етеді;
- 3) әділ және адал әрекет етеді, пара және осыған ұқсас іскери тәжірибе, сондай-ақ сыйлық беру мен алу тәжірибесі қабылданбайды;
- 4) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге әділ, құрметпен және этикалық нормаларды сақтай отырып қарайды;
- 5) оның мүдделі тұлғалармен барлық қарым-қатынасы өзара тиімді болуына ұмтылады;
- 6) қоршаған ортаға ұқыпты қарайды.

4. Қоғамның әдеп нормалары іскерлік өзара қарым-қатынастардың мынадай негізгі салаларын реттейді: «Астана-Энергия» АҚ корпоративтік қарым-қатынастарға қатысушылар мен жалғыз акционер, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қызметкерлер, іскер серіктестер мен жұртшылық арасындағы қарым-қатынастар.

5. Жұмысты тиімді ұйымдастыру «Астана-Энергия» АҚ мен барлық мүдделі тұлғалар арасындағы өзара міндеттемелерге құрылған. Өзара міндеттемелерді сақтау - конструктивті жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

2-тарау. Іскерлік қарым-қатынастың әдеп нормалары

2.1. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер

1. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жанжалды болдырмай, «Астана-Энергия» АҚ мен жалғыз акционердің мүддесі үшін кәсіби функцияларды адал және ақылға қонымды, тиісті қамқорлықпен және сақтықпен орындауға міндеттенеді.
2. Өзіне қабылданған міндеттемелер үшін жауапкершілік олардың мәртебесі мен лауазымына қарамастан, барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге тең дәрежеде жүктеледі.
3. Қоғамның лауазымды тұлғалары «Астана-Энергия» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі құндылықтар мен іскерлік әдеп қағидаттарын ескере отырып, іскерлік шешімдер қабылдайды және олардың алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін толық жауапты болады.
4. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсауға, «Астана-Энергия» АҚ мүлкіне ұқыпты қарауға, оны ұтымды және тиімді пайдалануға тиіс.
5. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз жұмысына деген қарым-қатынасымен және мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және жағымды жағдай жасауға ықпал етуге тиіс.
6. Әрбір қызметкер мен лауазымды тұлғалар лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке қарым-қатынас немесе дербес пайда емес, «Астана-Энергия» АҚ мүдделерін басшылыққа алуға тиіс.

«Астана-Энергия» АҚ-ның ресурстарын лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің, сондай-ақ олардың достары мен туыстарын қолдау немесе жеке пайдасын алу үшін пайдалануға тыйым салынады.

7. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер кез келген нақты немесе осылай қабылданатын мүдделер қайшылығынан аулақ болу және өзіне (немесе өзімен байланысты адамдарға) немесе басқаларға қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларға жол бермеу керек.
8. Жұмысқа қабылдау кезінде Қоғам қандай да бір белгілер бойынша ешқандай кемсітушілікке жол бермейді. Кадрларды іріктеу және жоғарылату тек қана кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде жүзеге асырылады.
9. Қоғам «Астана-Энергия» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес өздігінен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылатын қызметкерлерді лайықты бағалай отырып, барлық деңгейдегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасайды.
10. Қоғамда барлық тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз еткен кезде заңды негізде болмаса, жекелеген лауазымды адамдар мен

қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

11. Мүдделер қайшылығына жол бермеу жалғыз акционердің және «Астана-Энергия» АҚ мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады.

12. Қоғам қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру барысында жалпы қабылданған әдеп, мораль және мінез-құлық нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

13. Қоғам мүдделер қайшылығының кез келген кезеңінде, лауазымды тұлғадан шешім қабылдайтын кез келген қызметкерге дейін мүдделер қақтығысының туындауынан бос шешімдер қабылдауға жауапты болады.

14. «Астана-Энергия» АҚ лауазымды тұлғалары шешімді ашықтық пен барабарлық қағидаттарының негізінде қабылдауға тиіс. Лауазымды тұлғалар бір-біріне расталған ақпаратты дер кезінде, құпиялылық нормаларын бұзбай және жалғыз акционердің шешімдерін, «Астана-Энергия» АҚ ішкі құжаттарын ескере отырып ұсынады.

15. Лауазымды тұлғалар басқа ұйымдарда жұмысты орындау және/немесе лауазымды атқару туралы, тұрақты (негізгі) жұмыс орнының (қызметтің, кәсіпкерлік қызметтің және т.б.) өзгеруі туралы «Астана-Энергия» АҚ Директорлар кеңесіне белгіленген тәртіппен уақтылы хабарлауға міндетті.

16. Лауазымды тұлғалар «Астана-Энергия» АҚ Басқармасының төрағасын/Директорлар кеңесінің төрағасын уақтылы хабардар етуге және шешімде мүдделілік бар мәселелер бойынша дауыс беруге қатыспауға тиіс.

17. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің:

- өздерінің функционалдық міндеттерін орындағаны үшін тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдар мен жеке тұлғалардан ақша, қызмет және өзге де нысандар түрінде сыйақы;

- сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде символдық назар белгілерін және символдық кәдесыйларды қоспағанда, өз функцияларын орындауға байланысты не жұмыс бойынша өздеріне тәуелді адамдардан сыйлықтар немесе қызметтер қабылдауға құқығы жоқ.

18. Лауазымды адамдар мен қызметкерлерге коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етуге, сондай-ақ ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға тыйым салынады. Бұл «Астана-Энергия» АҚ ішкі құжаттарымен реттеледі.

«Астана-Энергия» АҚ орынжайларында жұмыс істеген кезде лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер «Астана-Энергия» АҚ ішкі құжаттарында көзделген және «Астана-Энергия» АҚ қауіпсіздік режиміне және құпия ақпаратпен жұмыс істеуге байланысты ережелер мен рәсімдерді сақтауға тиіс.

19. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

- шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлiктiк жағдайына, жынысына, нәсiлiне, ұлтына, тiлiне, дiнге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жерiне немесе кез келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадiр-қасиетiн құрметтеуге;
- мемлекет рәмiздерiне-Елтаңбаға, Туға, Әнұранға құрметпен қарауға;
- корпоративтiк символикаға құрметпен қарауға;
- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттiк және басқа тiлдерге, барлық халықтардың салт-дәстүрлерiне құрметпен қарауға;
- киiмнiң корпоративтiк стилiн сақтауға және сыртқы түрiн қадағалауға (белгiлi бiр нысанды кию немесе iскерлiк киiм нысанын еркiн таңдау);
- еңбек және орындаушылық тәртiптi сақтауға;
- әдептi, сыпайы, мейiрiмдi және жайдары болуға;
- мазасыздық пен дәрекiлiкке төзбеушiлiк танытуға;
- көмек көрсеткенi үшiн, тiптi егер ол толық түрде көрсетiлмесе де, әрдайым алғыс айтуға;
- басқаның пiкiрiне сақ болуға;
- сөз мен iстiң бiрлiгiн қамтамасыз етуге, уәделердi орындауға;
- өз қателiктердi жасырмауға/мойындауға мiндеттi.

20. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердiң құқықтарын бұзуға әкелетiн кез келген жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және «Астана-Энергия» АҚ iшкi құжаттарына сәйкес қаралуға тиiс.

21. Iскерлiк әдеп мәселелерiн және/немесе iскерлiк әдеп қағидаттарын бұзу жағдайларын қызметкерлер тiкелей басшыларымен талқылайды. Егер талқылау нәтижелерi бойынша қолайлы шешiм табылмаса, онда тиiстi мәселе туралы ұсынымдар алу және/немесе тиiстi шаралар қабылдау үшiн корпоративтiк хатшыны хабардар ету керек.

22. Кодекстiң ережелерiне және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелерге қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы iс-әрекеттер фактiлерi бойынша «Астана-Энергия» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерi тиiстi шаралар қабылдау үшiн өзiн таныстыру немесе жасырын түрде корпоративтiк хатшыға жүгiнуге құқылы. Бұл ретте мұндай өтiнiш жасалған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауға тиiс.

23. Қалыптасқан жағдайды шешу кезiнде «Астана-Энергия» АҚ тексерiлген фактiлер мен расталған ақпаратты басшылыққа алады.

24. Қоғам «Астана-Энергия» АҚ қызметкерлерiнiң корпоративтiк мәдениетiнiң жағдайы және iскерлiк әдеп деңгейi тақырыбына мониторинг жүргiзедi, зерттеулер/сауалнамалар жүргiзедi.

2.2. Жалғыз акционер

1. Жалғыз акционердің пайымдауы «Астана-Энергия» АҚ даму стратегиясының өзегі болып табылады, оны әзірлеуге және іске асыруға «Астана-Энергия» АҚ жауапты.
2. Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, "Астана-Энергия" АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес ашықтық, есеп беру және жауапкершілік қағидаттарына негізделген, Жалғыз акционермен өзінің өзара қарым-қатынасына қатысты нақты рәсімдерді белгілейді.
3. «Астана-Энергия» АҚ мен жалғыз акционер арасында ақпарат алмасу тәртібі заңнамамен, «Астана-Энергия» АҚ Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.

2.3. Мемлекеттік органдар

1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, «Астана-Энергия» АҚ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес, тараптардың тәуелсіздігі негізінде мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады. «Астана-Энергия» АҚ мемлекеттік органдардың шешімдеріне ықпал етуге тырыспайды.
2. Қоғам мемлекеттік органдар тарапынан да, «Астана-Энергия» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлыққа және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

2.4 Іскерлік серіктестер

1. Қоғам іскер әріптестермен өзара тиімділік, ашықтық және шарттар талаптарына сәйкес өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарында өзара іс-қимыл жасайды.
2. Қоғам іскер серіктестермен келісім-шарт/шарт талаптарын сақтайды және оларға қатысты өз міндеттемелерін орындайды.
3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ең төмен бағаны, ең жақсы сапаны, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу шарттарын ұсынатын және жақсы беделге ие тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерді таңдайды.
4. Қоғам өз қызметінде іскерлік серіктестерге негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге жол бермейді.

2.5. Қоғам

1. Қоғам өзінің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезінеді.
2. Қоғам әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге оң ықпал етуге ұмтылады.

3. Қоғам қоғамға қызмет етуге ұмтылады, ағарту мен білім деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламаларды және басқа да әлеуметтік бағдарламаларды қолдайды.
4. Қоғам өзін өзі жұмыс істейтін және сыйластық, сенім, адалдық және әділеттілік қағидаттарына негізделген берік қарым-қатынасты қалыптастыруға ұмтылатын қоғамдық ортаның ажырамас элементі ретінде қарастырады.
5. Қоғам бекітілген жоспарларға сәйкес қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға ұмтылады.
6. Қоғам қоғамдық қатынастарды жетілдіру, қоршаған ортаны жақсарту және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдармен (қоғамдық, үкіметтік емес және басқа да) сындарлы қарым-қатынас орнатуға ұмтылады.
7. Қоғам беделі күмәнді заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тарту міндеттемесін өзіне алады.
8. Қоғам экология мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамаларды қолдайды.

3-тарау Жауапкершілік

1. Әрбір қызметкер өзінің мінез-құлқын әдеп нормаларының шеңберінде сақтауға жауап береді.
2. Осы Кодекстің нормаларын бұзу белгіленген тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады.

4-тарау Қорытынды

1. Мүдделі тұлғалар хатшы арқылы «Астана-Энергия» АҚ Басқармасына басқарманың заңсыз және әдепсіз іс-әрекеттері туралы хабарлауға құқығы бар және осындай хабарлама болған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасамауға тиіс.
2. «Астана-Энергия» АҚ Басқармасы осы Кодекстің ережелерін мерзімді түрде қайта қарайды және жетілдіреді, олардың практикада қандай шамада іске асырылатынын талдайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

Әзірлеген:

АРББ бастығы Ф. Бекбулатова